

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2026 жылғы 17 шілдедегі № 184 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 17 шілдеде № 39338 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

Н. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі
2026 жылғы 17 шілдедегі
№ 184
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 23 ақпандағы № 87 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6817 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің және "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметтер көрсетудің халықаралық сертификатын қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану және "Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 11) тармақшасына (бұдан әрі – Заң), "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын енгізу туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 436 қаулысына (бұдан әрі – Келісім) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы) Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында жүк

көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану тәртібін айқындайды.
";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті алушы сертификат алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге немесе "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы немесе "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесі арқылы (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш жібереді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдаған күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ЕЛ МДҚ-ға жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ МДҚ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі көлік құралын өлшеуге ұсынған сәттен бастап –1 сағат.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

2-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7204 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 10) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 10) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының автомобиль тасымалдаушыларына мынадай автокөлік құралдарының иелері үшін міндетті халықаралық автомобиль

тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және рұқсат беру карточкасын беру тәртібін айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі) жазылған.

Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) шетелдік рұқсатты қолданбай Рұқсат және шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат карточкасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

1) алынатын мемлекеттік көрсетілетін қызметке байланысты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) автокөлік құралын жалдау шартының түрлі-түсті электрондық көшірмесін (автокөлік құралын жалға алған жағдайда);

3) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты мерзімді тексеру (инспекциялау) туралы куәліктің түрлі-түсті электрондық көшірмесін;

4) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты тексеру туралы сертификаттың түрлі-түсті электрондық көшірмесін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініште және ұсынылатын құжаттарда (мемлекеттік тіркеу белгісі, көлік құралының типі, маркасы, моделі, шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (бар болса) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы куәліктің көшірмелері) мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттар қабылданған күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ҚДҚ АТЖ-ға жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеуді өтініш ҚДҚ АТЖ-ға келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін

алатын күні мен мекенжайын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Баж сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат (ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда), автокөлік құралының мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына жібереді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

1-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3-қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

8-қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9-қосымша осы тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 49 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10407 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалалық рельсті көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі - Заң) әзірленген және қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу және қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қалалық рельстік көліктің көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады, оны алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттар қабылданған күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы www.elicense.kz "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қорының цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеуді өтініш ЕЛ МДҚ-ға келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді. Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Құжаттарды қараудың жалпы мерзімі және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, тіркеу алымының төленгенін растайтын қалалық рельсті көліктің көлік құралдарын тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші тиісті цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызмет беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Заңның 25-бабы 2) тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

1-қосымша осы тізбеге 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-7) тармақшасына, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Ішкі су көлігі туралы Заң) 9-бабы 1-тармағының 26-7) тармақшасына, "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы) 10-

бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ішкі суда жүзетін кемені және "өзен – теңіз" суларында жүзетін кемені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу, "Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу", "Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу", "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу", "Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу", мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды".

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар туралы (жеке тұлғаларға қатысты) не меншік иесі заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлғаларға қатысты) мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – 1-өтініш) "Ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып жібереді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – "Ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі).

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі

арқылы "Е-лицензиялау "мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі, одан кейін құжаттарды қабылдаған күні көліктік деректер қорының ақпараттық талдамалық жүйесінде және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингінде (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) өңдеу процесі өтеді.

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

47. Кемені жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде тіркеу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде кемелерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, портал арқылы 1-өтінішке сәйкес нысан бойынша өтініш жібереді (бұдан әрі – "Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жалға алынған шетел кемелерінің тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі).

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ЕЛ МДҚ жіберіледі, одан кейін құжаттарды қабылдаған күні КДҚ АТЖ өңдеу процесі өтеді.";

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды тіркеу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, 3-өтінішке сәйкес нысан бойынша портал арқылы өтініш жібереді (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Шағын көлемді кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу").

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдау күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы КДҚ АТЖ жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші КДҚ АТЖ-ға өтініш келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Кеме билеті жоғалған, бүлінген, иесінің мекенжайы өзгерген немесе көшелердің, елді мекендердің атауы өзгертілген кезде және атауы өзгертілуіне байланысты басқа жағдайларда, осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес иесінің өтініші

(бұдан әрі - 4-өтініш) негізінде және Қазақстан Республикасының салық кодексіне сәйкес бюджетке белгіленген алым төленгеннен кейін өтініш берушіге кеме билетінің телнұсқасы беріледі.";

6-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеменің, шағын кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу және "Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын аумақтық бөлімше кеме тіркелген тізілімде тіркейді.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – 5-өтініш) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес "Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, портал арқылы жібереді (бұдан әрі – "Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі).

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдау күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы КДҚ АТЖ жіберіледі.

Өтінішті өндеуді көрсетілетін қызметті беруші КДҚ АТЖ-ға өтініш келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттары тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын және Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді және нәтижелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мынадай нәтижелерін береді:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, немесе шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – Ипотека туралы куәлік), немесе кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы не осы Қағидаларға 19 және 20-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы;

кеме ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ не осы Қағидаларға 22 және 23-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша шағын көлемді кеме

ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке қосымша парақ (бұдан әрі – Қосымша парақтар);

кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпарат не осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша шағын көлемді кеменің ипотекасын тоқтату туралы ақпарат (бұдан әрі – Ипотеканы тоқтату туралы ақпарат);

2) "Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көзделген бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды береді және оны портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне электрондық құжат нысанында жолдайды.";

90, 91 және 92-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы куәлікке қосымша парақтарды қосымша парақтар нысаны бойынша, кеменің ипотекасы туралы шартқа өзгеріс және (немесе) толықтырулар енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

91. Кеменің кепіл берушісі Кеменің, шағын көлемді кеменің мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 5-өтініштің нысаны бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы тиісті кеменің Ипотекасы туралы куәліктің телнұсқасын береді.

92. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша Кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасы тоқтатылған кезде көрсетілетін қызметті беруші 5-өтініштің нысаны бойынша кепіл берушінің өтініші негізінде портал арқылы кеме ипотекасының тоқтатылуы туралы ақпарат береді. Ақпаратта кеменің, шағын көлемді кеменің тоқтатылуы туралы мәліметтер көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті тізілімге кеменің, шағын көлемді кеменің ипотекасының тоқтатылуы туралы жазба енгізеді.";

2 және 3-қосымшалар осы тізбеге 10 және 11-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымша осы тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымша осы тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16, 17 және 18-қосымшалар осы тізбеге 15, 16 және 17-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

21-қосымша алып тасталсын;

24-қосымша алып тасталсын;

25-қосымша осы тізбеге 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы

27 ақпандағы № 206 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11395 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23–14) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 23-14) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көлік құралының габаритін, салмағын және (немесе) біліктік жүктемелерін ескере отырып, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары арқылы және елді мекендердің көшелері арқылы жүріп өту үшін Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының жол берілетін габариттік және салмақтық параметрлерінен асатын, автокөлік құралдарымен тасымалданатын бөлінбейтін жүктерді немесе мамандандырылған автомобиль-цистерналарда тасымалданатын сұйық жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсат беру тәртібін анықтайды.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. "Ауыр салмақты және (немесе) ірі габаритті автокөлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызметті) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініштерді (бұдан әрі – өтініш) тасымалдаушылардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет алушы) беруі арқылы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінде, сондай-ақ тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізудің өзге де орындарындағы мемлекеттік кіріс органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі, содан кейін құжаттарды қабылдаған күні көліктік деректер қоры және тасымалдау қауіпсіздігі серпінінің мониторингі ақпараттық талдау жүйесінде (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) өңдеу процесінен өтеді.";

31 және 32-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Жеке басты куәландыратын құжат мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

32. Көрсетілетін қызметті алушы егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Егер тасымалдаушы ұсынған бағыт бойынша ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралын өткізудің теріс көрсеткіштері болмаса, онда келісуші ұйым отандық тасымалдаушының өтінішінде портал арқылы, ал шетелдік тасымалдаушының өтінішінде мөрмен куәландыра отырып, жазбаша түрде өз шешімін растайды.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

54. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

3-қосымша осы тізбеге 19-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

6. "Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау және "Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу, қайта

тіркеу, сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау тәртібін және жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу, сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау мемлекеттік қызмет көрсетуді айқындайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады, оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы береді тіркеуші органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге жататын жылжымалы құрам паркінің тізбесін толтырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктер ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдау күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы көліктік деректер қорының ақпараттық талдамалық және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингілеу жүйесіне (бұдан әрі – ҚДҚ АТЖ) жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ҚДҚ АТЖ-ға өтініш келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Тіркеуші орган құжаттарды алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды, "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайда лицензиялық алымның бюджетін төлегенін Растауды көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады".

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік кепіл қызметі) болып табылады, оны алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" порталы (бұдан әрі – портал) арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Кепілдің мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің нәтижесін, сондай-ақ кепілдің өзге де мәліметтерді қамтитын кепілдің мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, кепілдің мемлекеттік қызметін көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдау күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы көліктік деректер қорының ақпараттық талдамалық және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингілеу жүйесіне (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) жіберіледі.

Өтінішті өндеуді көрсетілетін қызметті беруші КДҚ АТЖ-ға өтініш келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы Мемлекеттік цифрлық жүйелердегі анықтамаларды тіркеуші органның қызметкері "цифрлық үкімет"шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және

кепілдің мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Өтініш демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа сағат 16:00-ден кейін келіп түскен жағдайда "Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет келесі жұмыс күнінде көрсетіледі.

Тіркеуші органның жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттарды алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, тіркеуші орган ұсынылған құжаттардың дұрыстығын және көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді, портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету 1 (бір) жұмыс күнін құрайды, көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын қабылдаған және тіркеген күннен бастап көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы берген кезде құжаттарды қараудың және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін берудің жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) не кепілдің мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап не осы Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес жылжымалы құрам кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасы ресімделеді.

Өтініш пен құжаттарды кеңседе қабылдау күні мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін бар болса көрсету мерзіміне кірмейді.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабы 2) тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасы заңдарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

2-қосымша осы тізбеге 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы тізбеге 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-1-қосымша осы тізбеге 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. "Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 357 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11093 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 1-тармағына және "

Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген, ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу және "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды.";

83 және 84-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"83. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау объектілері халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін куәландыратын құжат.

84. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны кеме иесіне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында көзделген тәртіппен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган береді.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметінің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағына (бұдан әрі – "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті жібереді.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдаған күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы КДҚ АТЖ-ға жіберіледі.

Өтінішті өндеуді көрсетілетін қызметті беруші КДҚ АТЖ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Құжаттар портал арқылы жіберілген жағдайда, олар көрсетілетін қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.";

89-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"89. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысындағы деректер мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 25 және 26-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

8. "Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-11) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 23-11) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану тәртібін айқындайды.";

3-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) уәкілетті органның цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АЖ) – "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекет аумағы арқылы жүріп өтуге рұқсат беру" және "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін автоматты өңдеуді және қалыптастыруды қамтамасыз ететін цифрлық жүйе";

3-тармақтың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын цифрлық жүйе";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті алушы "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін Портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға, жүктерді тасымалдауға шетелдік рұқсат алуға сұрау салуды (бұдан әрі – сұрау салу) толтырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағы бойынша жол жүруге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде баяндалған.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу толтырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен

куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі, одан кейін құжаттарды қабылдаған күні көліктік деректер қорының ақпараттық талдамалық жүйесінде және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингінде (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) өңдеу процесі өтеді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік корпорацияда оның нәтижесін алған мекенжайы мен күнін көрсете отырып, Мемлекеттік қызмет көрсету туралы не оны қабылдаудан бас тарту туралы мәртебе көрсетіледі.

Отандық тасымалдаушы сұрау салуда ұсынылатын мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Сұрау салу әрбір автокөлік құралына жеке беріледі.";

17-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) көрсетілетін қызметті алушының соңғы жиырма төрт айда осы Қағидалардың 27-тармағы бірінші абзацының талаптарын сақтамау фактілері болмаған кезде.

Осы тармақтың 3)-5) тармақшаларының талаптары жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға шетелдік рұқсат алуға қолданылмайды.

Электрондық түрдегі шетелдік рұқсаттар куәлік және рұқсат карточкасы түріне қарамастан беріледі.

АЖ-да автокөлік құралдарын есепке алу олардың сәйкестендіру нөмірі (VIN) бойынша жүргізіледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, рұқсат куәлігі, рұқсат карточкалары, жолаушыларды қалааралық облысаралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия туралы мәліметтерді сұратуды берген кезде халықаралық жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауды жүзеге асыру кезінде), "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы кеткені үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжатта "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерде бар құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді ұсыну сатысындағы деректердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорация және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

26. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Көрсетілетін қызметті алушы жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға және жүктерді тасымалдауға арналған, пайдаланылған шетелдік рұқсаттарды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автокөлік құралының автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан

Республикасының аумағына кірген кезден бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей физикалық түрде ресімдеу орны бойынша көрсетілетін қызметті берушіге қайтаруы тиіс.

Осы Қағидалардың 28 және 29-тармақтарда көзделген талаптар электрондық түрде берілген шетелдік рұқсаттарға қолданылмайды.

Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орналасқан автомобиль өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасының аумағына кіру және шығу фактілерін тіркеу АЖ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай цифрлық жүйесінен сұрау салу жолымен жүзеге асырылады.";

33-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аумақтық орган жалпы кіріс хат-хабарларды тіркеудің цифрлық жүйесінде шетелдік рұқсаттарды қайтару туралы ілеспе хатты тіркеген сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде АЖ-ға қайтарылған шетелдік рұқсаттар туралы мәліметтерді енгізеді.";

35-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2) "Цифрлық үкіметтің" вэб-порталы;

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Көрсетілетін қызметті алушы "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін портал арқылы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір күнтізбелік жылға жарамды мерзімге жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға шетелдік рұқсат алуға сұрау салуды (бұдан әрі – шетелдік рұқсат алу туралы өтініш) толтырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін, мемлекеттік қызметті көрсету нысанын, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдерін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, кесте көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыстары, құжаттар мен мәліметтер тізбесі, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес "Халықаралық қатынаста жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тасымалдаушыларына шет мемлекеттің аумағына (аумағынан) кіруге (кетуге) рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тарту үшін негіздер.

Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында шетелдік рұқсат алуға сұрау салу толтырылады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі, одан кейін құжаттарды қабылдаған күні көліктік деректер қорының ақпараттық талдамалық жүйесінде және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингінде (бұдан әрі – ҚДҚ АТЖ) өңдеу процесі өтеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарламаға автоматты түрде қол қойылады және аумақтық орган басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі.

Шетелдік рұқсат алуға сұрау салу әрбір автокөлік құралына жеке беріледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Күнтізбелік бір жылға қолдану мерзімімен жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсатты алуға сұрау салуды қарастыруды АЖ және порталда мәліметтер болған кезде жүзеге асырылады:

1) шетелдік тасымалдаушымен бірлескен қызмет туралы шарты;

2) сұрау салынатын түрдегі шетелдік рұқсаттар;

3) жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиясы;

4) алым сомасы төленген.

Көрсетілетін қызметті беруші жолаушылар мен багажды тұрақты тасымалдауға арналған шетелдік рұқсаттарды қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылға ресімдейді және АЖ-ға мемлекеттік қызмет көрсету туралы хабарлама келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Сұрау салу кезігінде жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жылжымалы мүлікке құқық белгілейтін құжаттар, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияны, жолаушылар мен багажды халықаралық қатынаста ЭҮТШ арқылы тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын отандық автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағынан шығуы үшін алым сомасының бюджетке төленгенін растайтын құжат туралы мәліметті тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерде бар құжаттарды талап етуге жол берілмейді.";

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді ұсыну сатысындағы деректердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Мемлекеттік корпорация және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

42. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі."; 46-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

2) "Цифрлық үкіметтің" вэб-порталы; 52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Шетелдік автокөлік құралының тіркелу елінің аумағындағы заңнамаға сәйкес құрылған және тіркелген, үшінші елдердің кәсіпорындары мен филиалдарында өндірілетін жүктердің тасымалын жүзеге асыру кезінде, үшінші елдерден/елдерге отандық рұқсаттар осы тасымалдардың мынадай ілесіміне құжаттарымен расталған жағдайларда талап етілмейді: халықаралық көліктік жүкқұжаты (CMR); тауардың шығарылуы туралы сертификаты; жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының шетелдік тасымалдаушыға жүк тасымалына тапсырысы; шот-фактура (инвойс); ветеринариялық сертификат, фитосанитариялық сертификат, өнімдердің (қажет болған жағдайда) мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі. Бұл ретте, осы тасымал Қазақстан Республикасының аумағына кіруге отандық рұқсат негізінде жүзеге асырылады."; 1-қосымша осы тізбеге 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын; 2-қосымша осы тізбеге 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын; 3-қосымша осы тізбеге 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын; 4-қосымша осы тізбеге 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын; 5-қосымша осы тізбеге 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын; 6-қосымша осы тізбеге 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын. 9. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11234 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-11) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 26-11) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және ішкі су жолдарында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау және "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру", "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.";

мынадай редакцияда жазылсын:

8. Кәсіптік дипломды немесе кәсіптік дипломның телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттарды жолдайды.

"Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 1-мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын 1-мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар баяндалған.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдау күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ МДҚ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мына:

жеке басын куәландыратын;

медициналық комиссияның кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы қорытындысы ("Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 073/е нысаны бойынша медициналық анықтама);

жүзу өтілін растайтын;

жоғары немесе орта білімнен кейінгі білім туралы (диплом) құжаттар туралы мәліметтерді алады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет 1 көрсету сатысы туралы деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы 1-мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Кемелердің командалық құрамы адамдарының аттестаттаудан өткендігі туралы анықтаманы немесе кемелердің командалық құрамы адамдарының аттестаттаудан өткендігі туралы анықтаманың телнұсқасын алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген құжаттарды жолдайды.

"Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде 2-мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын 2-мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар баяндалған.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттарды қабылдау күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ЕЛ МДҚ жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ МДҚ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мына:

жеке басын куәландыратын құжаттар;

медициналық комиссияның кемедегі жұмысқа жарамдылығы туралы қорытындысы ("Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) 073/е нысаны бойынша медициналық анықтама).";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Көрсетілетін қызметті беруші 2-мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер 2-мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшалар осы тізбеге 33, 34, 35, 36, 37 және 38-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

10. "Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы";
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-7) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықтың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-7) тармақшасы, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау, 1, 6 және 7-кластағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат, көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті

жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікті беру тәртібін анықтайды, сондай-ақ "1, 6 және 7-кластағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру" және "Көлік құралына халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібін анықтайды.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

31. "1,6,7 класты қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жолдау арқылы көрсетеді. көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралының жүргізушісін даярлау туралы куәлік (жүргізушіні автокөлік құралдарымен қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік) қоса беріледі.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі, одан кейін құжаттарды қабылдаған күні көліктік деректер қорының ақпараттық талдамалық жүйесінде және тасымалдау қауіпсіздігі динамикасының мониторингінде (бұдан әрі – КДҚ АТЖ) өңдеу процесі өтеді.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде цифрлық жүйелерде қамтылған , заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін, дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды, көлік құралын тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Көрсетілетін қызметті беруші цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен

күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Жеке басын куәландыратын, дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін, көлік құралын тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай цифрлық жүйесінен диагностикалық карта туралы мәліметтерді алады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Көрсетілетін қызметті алушының "Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш беруі міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай цифрлық жүйесінде диагностикалық карта болған кезде жүзеге асырылады.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

көрсетілген бұйрықтың 2-қосымша алып тасталсын;

5-қосымша осы тізбеге 39-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбеге 40-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы тізбеге 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы тізбеге 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

11. "Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 457 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11528 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-18) тармақшасына, "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-21) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-18) тармақшасына, "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-21) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау және "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемені жүргізу құқығына куәлікті беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші жергілікті атқарушы органға Мемлекеттік корпорация немесе "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-1-қосымшаның 9-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге осы Қағидаларға 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – 1-өтініш) жібереді.

Құжаттарды портал арқылы жіберілген жағдайда, олар көрсетілген қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырады.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш мемлекеттік органның (бұдан әрі – МО АЖО) құжаттарды қабылдау күніне автоматтандырылған жұмыс орнына жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші МО АЖО-ға өтініш келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Процестің сипаттамаларын, көрсетілетін қызметтің нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемеңі басқару құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемеңі басқару құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) баяндалған.

8. Өтініш беруші Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар түпнұсқада ұсынылады. Құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен салыстырып тексерілгеннен кейін өтініш берушіге қайтарылады. Құжаттардың түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырған көшірмелері ұсынылады.

Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттардың мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынғаннан кейін өтініш берушіге "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемеңі басқару құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Өтініш беруші "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемеңі басқару құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы берген кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушінің "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемеңі басқару құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсыну мәніне тексергеннен кейін, оны өтініш беруші үшін жұмыс орнымен жабдықталған Мемлекеттік корпорацияның үй-жайына (емтихан сыныбына) емтихан тапсыруға осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген тәртіппен жібереді. Өтініш берушіні емтиханға жіберу мерзімі Мемлекеттік корпорацияда өтініш қабылданған сәттен бастап 1 (бір) сағатты құрайды.

Құжаттарды портал арқылы ұсынған кезде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі, сондай-ақ емтихан өткізілетін орны мен уақыты және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу туралы хабарлама жіберіледі.

Портал арқылы құжаттарды толық ұсынбау және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсыну фактісі анықталған жағдайларда, жергілікті атқарушы орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту береді.

Жергілікті атқарушы органның басшысының қолы қойылған өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы дәлелді жауап Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы басшының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қағаз немесе цифрлық құжат нысанында жіберіледі.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Жергілікті атқарушы орган мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингі цифрлық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты жаңартады және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған, көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

1 және 1-1 қосымшалар осы тізбеге 43 және 44-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы тізбеге 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

12. "Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-9) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН.**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында:

1-тармақ мынадай мәтінде жазылсын:

"1. Осы Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау және "Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген куәлік" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 23-9) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген, автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау тәртібін айқындайды, ол мыналарды:

1) жүкті жеткізу мерзімін;

2) жүкті автомобильмен тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін;

3) тауар-көлік жүкқұжатын және жолдама парағын қолдану тәртібін;

4) жүк тиеу және түсіру пункттеріне қойылатын талаптарды;

5) жүктерді автомобильмен тасымалдауға қабылдау, сондай-ақ жүкті межелі пунктінде өңдеу, сақтау және беру тәртібін;

6) тез бүлінетін жүкті өткізу тәртібін;

7) құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау тәртібін;

8) жүкті таңбалау тәртібін;

9) жүкті пломбалау тәртібін;

10) актілер жасау тәртібін;

11) жүкті тасымалдау шарттарын өзгерту және бұзу тәртібін;

12) жүкті ұстап қалу тәртібін;

13) жүктің жекелеген түрлерін тасымалдау тәртібін;

14) халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарын куәландыру тәртібін;

15) тез бұзылатын жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптарды қамтиды.";

4-тармақ мынадай мәтінде жазылсын:

"4. Жүктерді, оның ішінде экспресс-жүктерді автомобильмен тасымалдау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АК), "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Заңның, "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң), осы Қағидалар мен шарттардың талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Жүктерді, оның ішінде экспресс-жүктерді халықаралық тасымалдау халықаралық шарттардың, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңның, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдарында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.";

27-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тәуліктің кешкі және түнгі уақытында жарықтандыру Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексінің 40-бабына сәйкес бекітілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес келуі және тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздік талаптарына сай келуі тиіс;"

385, 386, 387 және 387-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"385. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін халықаралық тасымалдау туралы және осы тасымалдарға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілген куәлікті (бұдан әрі – куәлік) уәкілетті орган (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) ресімдейді және сынақ станциялары немесе сараптама ұйымдары (сарапшылары) беретін сынақ хаттамаларының оң деректері негізінде беріледі.

Куәлікті алу үшін жеке немесе заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті органның кеңсесіне ұсынады немесе "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне:

осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім;

сынақ хаттамасының түпнұсқасы немесе сараптамалық тексеру хаттамасының түпнұсқасы;

2) "Е-лицензиялау "мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесі порталға (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ):

көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы өтінім. Өтінім "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы ЕЛ МДҚ цифрлық жүйесіне жіберіледі;

сынақ хаттамасының электрондық көшірмесі немесе сараптамалық тексеру хаттамасының электрондық көшірмесін жіберіледі.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші ЕЛ МДҚ-ға өтініш келіп түскен кезден бастап жүзеге асырады.

Шет елдердің құзыретті органдары берген куәлікті Қазақстан Республикасының куәлігіне ауыстырған кезде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді және оның негізінде Қазақстан Республикасының куәлігі толтырылатын ауыстырылатын куәлікті ұсынуы қажет.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамалары, нысаны, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер қамтылған мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидалардың 1-1-қосымшасында көзделген "Тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін халықаралық тасымалдау және осындай тасымалдауға арналған арнайы көлік құралдары туралы келісімге сәйкес берілетін куәлік" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) баяндалған.

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта жоғарыда аталған құжаттардың барлық электрондық көшірмелерін портал арқылы тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

386. Көрсетілетін қызметті алушыдан Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес өтініш пен құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе орындаушысы осы өтінішті және құжаттар топтамасын қарау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не оның міндетін атқаратын адамға жібереді, ол көрсетілетін қызметті

берушінің орындаушысын басшының жетекшілік ететін орынбасары және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы арқылы айқындайды.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін берудің жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілген мерзімдерде көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды, көлік құралын тіркеу туралы куәлік туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

387. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы құжаттар топтамасының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Ұсынылған құжаттар топтамасы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Куәлікті ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісімі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

387-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көзделген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы куәлікті немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе оның міндетін атқарушыға басшының жетекшілік ететін орынбасарының және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі басшысының келісімі бойынша жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы беріледі немесе көрсетілетін қызметті берушінің басшысының немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

388 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;

5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Куәлік алған өтініш берушілер көлік құралының ТБТҚ талаптарына сәйкестігі туралы тақтайша-куәлікті көлік құралына орната алады. Тақтайша-куәліктің нысаны, жазылуы және орналасқан орны ТБТҚ талаптарына сәйкес болуы тиіс.

ТБТҚ Уағдаласушы тараптар болып табылатын шет елдердің құзыретті органдары берген куәліктер уақытша болып табылады және Қазақстан Республикасында көлік құралын мемлекеттік тіркегеннен кейін үш айдың ішінде уәкілетті орган берген Куәлікпен ауыстырылуы тиіс.

Куәлікті ауыстыру кезінде қажетті құжаттар тізбесі осы Қағидалардың 385-тармағында белгіленген.

Тез бүлінетін жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын және ТБТҚ талаптарына сәйкес келетін, уәкілетті орган берген Куәлікті алған көлік құралдарына ТБТҚ талаптарына сәйкес танудың әріптік белгілері мен жазулары түсіріледі.

389 және 389-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

389. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметті көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

389-1. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.";

1-1-қосымша осы тізбеге 46-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

13. "Республикалық маңызы бар қалаларды, Астананы және олардың агломерацияларын қоспағанда, жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушылардың шығындарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 883 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) № 12353) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 18 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Тасымалдаушы (жеке немесе заңды тұлға) (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанындағы ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауға арналған өтінішті (бұдан әрі –өтініш) және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес "Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың

залалдарын субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар пакетін жолдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Тізбеде жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы құжаттарды қабылдаған күні "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды түскен күні ЕЛ МДБ арқылы тіркеуді жүзеге асырады.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші өтініш ЕЛ МДБ келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.";

14. "Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1288 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14095 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану" қағидаларында:

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. Карточкалар беруді карточкаларды дайындаушы жүзеге асырады.

Карточкаларды дайындаушы заңды тұлғаны немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаларды цифрлық жүйелер арқылы дербес алады."

15. "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия

және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 12 наурыздағы № 130 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20140 болып тіркелген) енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** .";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Теміржол көлігі саласында жүктерді тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібін айқындайды.";

4, 5 және 6-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жеке және заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) лицензия алу және (немесе) қайта ресімдеу үшін "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:

1) мынадай өтініштердің біреуін жолдайды:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның лицензияны алу үшін өтініші (бұдан әрі – лицензия алу үшін ЗТ өтініші);

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жеке тұлғаның лицензияны алу үшін өтініші (бұдан әрі – лицензия алу үшін ЖТ өтініші);

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес лицензияны қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның өтініші (бұдан әрі – лицензияны қайта ресімдеу үшін ЗТ өтініші);

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес лицензияны қайта ресімдеу үшін жеке тұлғаның өтініші (бұдан әрі – лицензияны қайта ресімдеу үшін ЖТ өтініші);

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 47 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10409 болып тіркелген) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшаға сәйкес теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қызметіне қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны бойынша мәліметтерді толтырады (бұдан әрі – біліктілік талаптар).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Лицензияны қайта ресімдеу лицензияны қайта ресімдеу үшін ЗТ өтініші және (немесе) лицензияны қайта ресімдеу үшін ЖТ өтінішінде көрсетілетін жағдайларда жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызметті портал арқылы алу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш құжаттар қабылданған күні "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер қоры" цифрлық жүйесіне (бұдан әрі – ЕЛ МДҚ) жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар мен мәліметтерді олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеуді өтініш ЕЛ МДҚ-ға келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, лицензия туралы анықтамаларды, "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы төленген жағдайда лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы растауды көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алады.";

9, 10 және 11 -тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер автоматты режимде мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе)

толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті мәліметті қамтитын цифрлық жүйесі істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторын мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, өтінішке берілген әкімшілік құжаттың нөмірі және коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды, немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі, қателіктің нақты атауын көрсете отырып, қателіктің туындау сәтіне дейін авторландыру сәтінен бастап кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі бойынша ақпаратты міндетті ұсынумен sd@nites.kz электрондық пошта бойынша бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салуды жіберу арқылы хабардар етеді.

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, шешімге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасайды, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабы 2) тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

1-қосымша осы тізбеге 47-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 48-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымша осы тізбеге 49-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымша осы тізбеге 49-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбеге 51-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16. "Жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту" "Мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 251 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20587 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 5 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекітуге арналған өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 9-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесіне жіберіледі www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) құжаттарды қабылдау күні.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының ЕЛ МДБ "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Өтінішті өндеуді көрсетілетін қызметті беруші өтініш ЕЛ МДБ келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүтінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтерін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

анықтамаларды көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

17. Жолаушыларды облысаралық, ауданаралық (облысшілік қалааралық) және халықаралық қатынастарда автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия беру "Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 318 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20791 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызметті портал арқылы алған кезде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған (қол қойылған) немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесіне жіберіледі www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) құжаттарды қабылдау күні.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі құжаттарды олар келіп түскен күні ЕЛ МДБ тіркеуді жүзеге асырады.

Өтінішті өңдеуді көрсетілетін қызметті беруші өтініш ЕЛ МДБ келіп түскен сәттен бастап жүзеге асырады."

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар
министрінің, Қазақстан
Республикасы Инвестициялар
және даму министрінің,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының, Қазақстан
Республикасы Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасының
аумағында жүк көлігі
құралдарын өлшеудің
халықаралық сертификатын
қолдану және "Жүк көлік
құралдарын өлшеудің
халықаралық сертификатын
беру" мемлекеттік қызметті

Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын алу үшін өтініш

1. Көлік операторының атауы (ұйымның атауы мен мекенжайы, елін қоса алғанда)			
Тел. №			
Факс №			
Электрондық пошта			
2. Тасымалдау шартының №1		CARNET TIR № (егер қолданылса)2	
3. Жүк автокөлік құралы туралы ақпарат			
3.1. Тіркеу нөмірі	Сүйрегіш/жүк автокөлігінің	Жартылай тіркеменің	тіркеменің/
3.2. Аспа жүйесі	Сүйрегіш/жүк автокөлігінің әуедегі механикалық басқаша	Жартылай тіркеменің әуедегі механикалық басқаша	тіркеменің/

1 мысалы: жүкқұжат CMR №

21975 жылғы TIR Конвенциясына сәйкес

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (болса)

(қысқартусыз көрсету)

Менің дербес деректерімді Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі
Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органына _____

(Бизнес сәйкестендіру нөмірі _____) жинауға және өңдеуге, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге цифрлық жүйелерде қамтылған мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді беруге келісім беремін.

Цифрлық жүйеде бар, заңмен қорғалған құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қолы _____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникациялар
министрінің, Қазақстан
Республикасы Инвестициялар
және даму министрінің,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының, Қазақстан
Республикасы Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін

атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасының
аумағында жүк көлігі
құралдарын өлшеудің
халықаралық сертификатын
қолдану және
"Жүк көлік құралдарын
өлшеудің халықаралық
сертификатын беру"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
3-қосымша

"Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге
қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беру
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы	Жок
3.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) ұсыну тәсілдері	Көрсетілетін қызметті беруші; "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі және оның кіші түрлерін (бар болса) беру көрсетілетін қызметті берушімен жүзеге асырылады.
4.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	Бір жұмыс күні
5.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) / қағаз түрінде.
6.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Жүк көлік құралдарын өлшеудің халықаралық сертификаты немесе осы мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптары тізбесінің 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны және оның кіші түрлерін (бар болса): қағаз түрінде.

7.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
8.	Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыссыз және мереке күндерінсіз, тәулік бойы; 2) порталда – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жүзеге асырылады (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті мен Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетун беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады)
9.	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) көрсетілетін қызметті берушіге – өтініш; 2) порталда: порталда көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш. Жеке басты куәландыратын құжат мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет " шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.
		1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе)

10.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
